

# ТУУЫ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ  
ЖАК КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

Жексенбі

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

Сталиннің есімі — бүкіл халқымыз үшін, бүкіл дүние жүзіндегі барлық қарапайым адамдар үшін ең қымбатты, ең жақын және сүйікті есім. Сталиннің есімі — Отанымыздың одан әрі гүлденуі, бүкіл прогресшіл адамзаттың бақыты жолындағы совет халқының жаңа жеңістерінің бейнесі.

Халықтардың данышпан көсемі, туысқанамыз **СТАЛИН** жолдас жасасын!

## ІЗДЫҚ ЖОЙЫЛСЫН!

р совет өкме-  
оптардың қал-  
әртүрлі эле-  
тан тұрақсыз  
капитализм-  
талған адамдар  
ялық-ұлтшыл-  
рды өздерінің  
айдалануға ты-  
дің террорлық  
бәрі шетелдік  
болғаны анық-  
алардың көп-  
яның филиалы  
буржуазиялық  
мы қызметте  
ғысушылардың  
разведкасының

шылық көзқарастарды таратқан Сүлейме-  
нның ұлтшылдық ниеттері институттың  
басшылығына және партия ұйымына мә-  
лім болмауы мүмкін емес. Бірақ олар жау  
дың бұл әрекеттерін елемеді.

Партия ұйымдары коммунистерді, бар-  
лық совет адамдарын күшті қырағылық  
рухында тәрбиелеуге тиіс. Зыян келтіру,  
бүлдіру үшін, жау зәредей саңлауды,  
ашыққауыздықтың әрбір көрінісін пайда-  
лана алатынын естен шығармау керек.  
Мылжымдық, бейқамдық, құпия документ-  
терді сақтаудағы салақтық, идеология ма-  
селелерінде, кадрларды іріктеу ісінде са-  
яси қырағылықтың болмауы, моральдық  
азғындау фактілеріне төзушілік — өшік-  
кен, залым жау осының бәрін пайдалану-  
ға тырысады. Зыянкестікті жсо үшін,  
арамыздағы ашыққауыздықты батыл жо-  
лып, күшті саяси қырағылық жағдай ту-  
ызу керек.

дұшпандары-  
дықтары мен  
ы қадағалап  
үшіміз негүр-  
ғұрлым қолға  
ейтін қате тү-  
тік жайбара-  
к. Бейбір жол-  
жойылуы ту-

Сталин жолдас жаудың дұшпандық әре-  
кеттерін үнемі бақылап отыруды, қандай  
бет-пердені бүркенсе де, жауды танып бі-  
уді, оның залымдық жоспарларын мезгі-  
інде ашып, жаудың бүлдіру әрекеттерін  
асталмай тұрып жаныштауды үйретеді.

## Жергілікті Советтердің депутаттығына кандидаттар ұсыну зор саяси өрлеу туғызуда

\*\*\*

№ 3 Бескөл сайлау округі

бойынша

**И. В. Сталин, Л. П. Берия  
жолдастарды және  
сауыншы Е. С. Артемьева  
жолдасты ұсынды**

Петропавл МТС-нің механизаторлары  
мен жұмысшыларының және қызметшіле-  
рінің облыстық Советтің депутаттығына  
кандидаттар ұсынуға арналған жыйналы-  
зы зор саяси өрлеу үстінде етті.

— Бұл қуанышты күндерде, — деді  
шофер З. Сергеев жолдас, — Сталин жол-  
дастың есімі миллиондардың жүрегінде.  
Облыстық Советтің депутаттығына бірін-  
ші кандидаттыққа Сталин жолдастың есі-  
мін атаймын. Советтік Отанымыздың дү-  
ниежүзілік-тарихи жеңістері көсемнің  
есімімен тығыз байланысты. Сталин —  
бүгінгі Ленин, жеңіс, бейбітшілік.

№ 57 Пушкин сайлау округі бойынша

С. М. Киров атындағы заводтың коллективі

**И. В. Сталин, В. М. Молотов жолдастарды  
және М. В. Попов жолдасты ұсынды**

№ 13 цех бүгін күндегіден көңілді.  
Оның кең биік залын самсаған Ильич  
шамдары жарқыратып тұр. Цех залы-  
ның қабырғаларына үкмет пен партия  
басшыларының портреттері ілінген. Зал-  
дың төрінде прогресшіл адамзаттың көсемі  
Иосиф Виссарионович Сталиннің портреті,  
оның жан-жағы алқызыл тулармен бе-  
зендірілген. Өр станоктың тұсында ілулі тұр-  
ған «Лениннің туы астында, Сталиннің ба-  
шылығымен коммунизмнің жеңістеріне қа-  
рай алға баса берейік!», «Айлық тапсыр-  
маны артығымен орындайық!» деген ұран-  
дар бірден-ақ көз тартады. Осы цехқа  
басқа цехтардан жұмысшылар бірінен соң  
бірі лек-легімен келіп жатыр.

Кешкі сағат 5. Мұнда еңбекшілер де-  
путаттарының облыстық Советіне депу-

тіліктерін білдірді. Бұдан кейін ол пар-  
тия мен үкмет басшыларының бірі В. М.  
Молотов жолдастың кандидатурасын ата-  
ды. Смагиннің ұсыныстары қызу қолдау  
тапты.

Мінбеде заводтың бас конструкторы,  
Сталиндік сыйлықтың лауреаты М. Ладу-  
хин жолдас. Ол И. В. Сталин мен В. М.  
Молотов жолдастың кандидатураларын  
шың жүректен қолдай келіп, облыстық  
Советтің депутаттығына кандидат етіп,  
КБП облыстық комитетінің партия, кәсіп-  
одақ және комсомол органдары бөлімінің  
менгерушісі М. В. Попов жолдасты ұсын-  
ды. М. Ладухин сайлаушыларды Попов  
жолдастың өмірбаянымен таныстырды,  
сөйтіп, сайлаушыларды оның кандидату-  
расын қолдауға шақырды.



Совет мемлекетіне қарсы күресінің таптық базасынан айрылды. Бірақ буржуазиялық идеологияның сарқыншақтары, жеке меншіктілік психология мен моральдың сарқыншақтары бізде әлі де бар екенін, буржуазиялық қозқарастар мен буржуазиялық моральды таратушы тірі адамдар, халқымыздың астыртын жаулары әлі де бар екенін ұмытуға болмайды. Империалистік дүние қолдап отыратын нақ осы астыртын жаулар келешекте де зиянын тигізеді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институтында, алдау жолымен партия қатарына өткен Б. Сүлейменов көп жылдар бойына жұмысқа араласып жүрді. Өзінің дұшпандық әрекетінде Сүлейменов саяси еліжүзділік әдісін қолданды. Өзін буржуазияшыл ұлтшыларды әшкерелеуші деп көрсетіп, ол күшті ұлтшылық әрекет жүргізді, өзінің лекцияларында дұшпандық «идеясымақтарды» таратты. Буржуазиялық-ұлт-

сөзден арылғанда біз, Сталин жолдас 1937 жылдың өзінде көрсеткеніндей, бізге ешбір жау, ішкісі де, сыртқысы да қорқынышты емес, бізге олардың дұшпандық әрекеттері қорқынышты емес деп толық сеніммен айта аламыз, өйткені біз оларды кезір қандай талқандап отырсақ, бұрын қандай талқандап келсек, келешекте де сондай талқандаймыз.

(«Правданың» 18 январьдағы басмақаласы).

### Қазақстан Кәсіподақтар Советінде

## Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сайлауына әзірленуге және өткізуге республиканың кәсіподақ ұйымдарының қатысуы туралы

Қазақ ССР кәсіподақтар Советінің президиумы еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауына әзірлену туралы мәселе талқылап, республиканың барлық кәсіподақ ұйымдарына сайлау науқанына белсене қатысуды, жұмысшылар мен қызметшілер арасында бұқаралық-саяси жұмысты кеңінен өрістетуді тапсырды.

Кәсіподақтар партия ұйымдарының басшылығымен алдағы сайлауға әзірленуден туған еңбекшілер бұқарасының жаңа саяси және өндірістік өрлеуін басқаруға, социалистік жарысты оған өрістетуді, бесінші бесжылдық жоспарды орындау және асыра орындау жолындағы күреске еңбекшілерді жұмылдыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Кәсіподақ ұйымдарының міндеті Совет Одағының Коммунистік партиясы ХІХ съезінің тарихи қарарларын, И. В. Сталин жолдастың съезде сөйлеген сөзін, оның «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышандық шығармасын, Сталиндік Конституцияның ұлы принциптерін, советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың капиталистік құрылыстан артықшылығын ең-

бекшілерге кеңінен түсіндіруді қамтамасыз ету болып табылады.

Сайлаушыларды, әсіресе жас сайлаушыларды сайлау Ережесімен, ССРО азаматтарының праволарымен және міндеттерімен кеңінен таныстыру қажет. Совет Одағының, республиканың, облыстың, ауданның, кәсіпорының, совхоздың, МТ және колхоздың коммунистік құрылысқа қол жеткен табыстарын көрсетуді ұйымдастырып, бесінші бесжылдықта есвекталқының алдында тұрған міндеттерді түсіндіру керек.

Кәсіподақ ұйымдарына, клубтардың, мәдениет үйлері мен сарайларының басқармаларына, қызыл бұрыштар мен кітапханалардың советтеріне сайлау участоктерін, үгіт пункттерін жабдықтап, көрсемдеуде, сайлаушылар арасында бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуде сайлау комиссияларына нақты көмек көрсетіп, бұған белсене қатысу тапсырылды.

Үгітшілер мен баяндамашылардың әңгімелер мен баяндамаларға керекті әдебиет пен материалдар іріктеп алуына көмектесу жөнінде кәсіподақ кітапханаларының жұмысын күшейтіп, ұсыныла-

тын әдебиеттің көрмелерін ұйымдастыру, тізімдерін іліп қою қажет. Сайлаушылар арасында мәдени жұмыс жүргізуде жұмысшылар мен қызметшілердің көркем өнерпаздар коллективтерін кең қатыстыру керек.

Қазақстан кәсіподақтар Советі республикалық және облыстық кәсіподақ советтеріне, ерікті спорт қоғамдарына жергілікті Советтер сайлауының құрметіне үгіт жорықтарын ұйымдастыруды, физкультурашылардың эстафеталарын, сонымен қатар жаппай спорт жарыстарын ұйымдастыруды міндеттеді.

Республиканың барлық кәсіподақ ұйымдарына сайлаушылардың қалың бұқарасының белсенділігін арттыруға, өзара сынды, әсіресе төменнен болатын сынды өрістетуге барынша көмектесіп отыру, жұмысшылар мен қызметшілердің сын ескертпелері мен ұсыныстарына зер салып қарау, еңбекшілердің тұрмыс және мәдениет тілектерін өтеу ісіндегі шаруашылық органдардың, коммуналдық және сауда кәсіпорындарының жұмысындағы кемшіліктерді жоюға дереу шаралар қолдану тапсырылды.

(ҚазТАГ).

тураларын ұсыну туралы бірауыздан қаулы алды.

ругі Флантьев кандидатурасы

№ 61 Партизан

## Тігін фабрикасы

Қаламыздағы тігін фабрикасы коллективінің еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің депутаттығына кандидат ұсынуға арналған жыйналысы болып өтті. Жыйналысты партия ұйымының секретары Густов жолдас ашып, облыстық Советтің депутаттығына кандидатуралар ұсыну тәртібін айтты.

— Мен, деді, — фабрика директоры Ермолин жолдас, — еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің депутаттығына кандидат етіп көмеңгер көсеміміз И. В. Сталиннің және оның ең жақын серікте-

рінің бірі Б. кандидатурасы еңбекшілер депутаттары Е. В. Цидатурасы Пимбал жолдатын мүлтік бекшілерінің дәрежесін артқы келе жатқан дықтан сіздегі дидатурасын



СУРЕТТЕ: № 61 Партизан сайлау округі бойы «Комсомолка» тігін фабрикасындағы жыйналыс. Сол Нина Шевелева жолдастың жыйналыста сөйлеп тұрғаны.



# шаралар тыңғылықты ырылсын

★

## лхозда

### Мол өнім негізін қалаудамыз

қанағаттанғысыз  
ш отыр.

ауданында да  
күш-мүмкіншілік  
леді. Мұнда 22  
ірақ, олар қар  
ылмайды. Оның  
атылып жүр. Ау-  
үмкіншілікті қар  
алаңға ылағды  
араларын қолдан-

МТС-тер колхоз-  
алатыны мәлім.  
қа әлі шындал  
Преснов МТС-ін  
а кіріспей отыр-  
бұл МТС-тің қар  
жүргізуге күш-  
і. Мәселен, мұн-  
ы жасап шы-  
на трактор қар-  
колхоздарда жүз-  
қаттауға болады.  
тоқтатуға күші  
МТС директоры  
оқ деп бұл қар  
ай келеді.

ктор қаржырт-  
де 3, Соколов,  
е 2 қар жырт-  
татуға мүдде ко  
овал, Майбалық  
р қаржыртқы-  
мтуға осы уа-  
дл МТС-тердің

Біздің туған колхозымыздың байлығы  
барған сайын молайып, көп салалы шар-  
ашылыққа айналуға. Колхоздың негізгі  
шаруашылығы — өгін мен мал өсіру.  
Партияның XIX съезі бесінші бесжылдық  
жоспар жөніндегі директиваларында өгін-  
шіліктің мәдениетін батыл көтеріп, бар-  
лық дөңді дақылдардың шығындылығын  
арттыруды, қосамдық мал басын өсіріп,  
оның өнімділігін молайтуды ауыл шар-  
уашылығын өркендету жөніндегі басты  
міндет етіп қойды.

Біздің колхозшылар бітік өгін өсіріп,  
астықты бұрынғыдан да мей дайындау,  
қосамдық мал басын көбейтумен бірге,  
оның өнімділігін молайта түсу жолында  
қызу күрес жүргізіп жатыр.

Біздің бригада алдағы көктемгі өгіске  
тыңғылықты әзірленуде. Мол өнімнің өзі-  
гінен өспейтінін бригада мүшелері жақсы  
біледі. Сондықтан да олар көктемгі өгіске  
өзілік жұмыстарын дер кезінде қолға  
алып, оларды бір-бірімен ұштастыра жүр-  
гізіп келеді.

Өгін өнімін арттыруда қысқы агроно-  
миялық шараларды мұқият жүзеге асыру  
шешуші роль атқарады. Бұл жұмысты біз  
қызу қолға алдық. Тұқымды мол дайын-  
дап, оны өгіншілік сапаға жеткізудеміз.  
Бригада өгіншілері тұқым тазалауда және  
сорттауда стахановтық еңбектің үлгісін  
көрсетіп жүр.

Қар тоқтатылған учасоктерден мол өнім  
жыйнауға болатынын көп жылғы тәжіри-  
беден айқын көріп келеміз. Быйыл брига-  
да 400 гектар өгістік алаңға қар тоқтату

## Облыс мектептеріндегі кейбір кемшіліктер

Мұғалімдердің қысқы конференцияла-  
рында партияның XIX съезі алға келген  
жаппай орта білім алуға көшу және мек-  
тептерде политехникалық оқуды жүзеге  
асыруға әзірлік жұмыстарын жүргізу мәсе-  
лелері қаралды. СОКП XIX съезі қарар-  
ларына байланысты мектептердің алдында  
тұрған міндеттер туралы баяндамала-  
тыңдалып, бірінші жартыжылдыққа қоры-  
тынды жасалды.

Конференцияға қатысушылар И. В.  
Сталиннің «Марксизм және тіл білімі мә-  
селелері», «ССРО-да социализмнің эконо-  
микалық проблемалары» деген еңбектері  
және XIX съездің материалдары негізінде  
оқу-тәрбие жұмысын қайта құрып жат-  
қандықтары туралы айтты. Қыялы мекте-  
бінің директоры Иванчикий, Мамлют орта  
мектебінің мұғалімдері Царик, Полищук,  
Преснов ауданындағы Аманкелді жетіжыл-  
дық мектебінің мұғалімі Жолболдина жол-  
дастар өздерінің сөздерінде орыс тілінен  
сабақ беру әдісін қайта құрудағы тәжіри-  
белерін айтып, пікір алысты.

Облыстың көптеген мектептері политех-  
никалық оқуға көшу жөніндегі әзірлік  
жұмыстарын жүзеге асыруға кірісті. Мек-  
тептерде жас натуралистер, техника, авио-  
моделистер тағы басқа үйірмелер мен  
мектеп жанындағы оқу-тәрбие учасок-  
тері жұмыс істей бастады. Тракторды,  
комбайнды, автомобильді үйрену үйірме-  
лері ұйымдастырылды.

Мұғалімдер конференцияларында қала-  
дағы мұғалімдер институты студенттерінің  
тәжірибе жұмыстары жөнінде напар да-  
йындалатындығы, облыстық аудандық оқу  
бөлімдерінің кадрларды іріктеп, дұрыс  
пайдаланбайтындығы, мұғалімдердің білі-  
мін толықтыру институтының мұғалімдерге  
политехникалық оқуды жүзеге асыру жө-  
нінде нашар көмектескендіктері қатты  
сынға алынды.

уақытында тексеріліп тұрмайды. Өткен  
жартыжылдықта Мамлют ауданындағы 51  
мектептің 15-і, Преснов ауданындағы 59  
мектептің 15-і ғана тексерілген.

Көп мектеп оқу жасындағы балаларды  
оқуға тегіс тартып, оқу үлгеру сапасын  
арттыра алмай отыр. Әсіресе, Конохов ау-  
даны мен қала мектептерінде оқушылар  
дың оқуды үлгеруі нашар. Оқу тәрбие жұ-  
мысының дұрыс жолға қойылмауы себебі-  
нен оқушылардың сабақ үлгеруі Конохов  
ауданында 72 процент, ал қала мектепте-  
рінде 74,1 процентке дейін төмендеді.

Көп мұғалімдер өз білімдерін көтеру  
жолында жұмыс істемейді. Күнделік га-  
зет, журналдарды оқымайды. Соның сал-  
дарынан кейбір мұғалімдердің идеялық са-  
тасы дәрежесі төмен. Қенжеғалиева, Нұр-  
жауыпова (Октябрь ауданы) сыяқты мұ-  
ғалімдер жастарды коммунистік рухта тәр-  
биелеудің орнына, өздері ескі байшылық  
әдет-ғұрыптан арыла алмай жүр. Возвы-  
шен орта мектебінің (Булаев ауданы) ди-  
ректоры В. П. Зорынь директордың ең-  
бекақысын азынсып, оңай табыс табу жо-  
лына түскен. Қосымша класс жетекшілігі,  
үйірме басқарғаны үшін заңсыз ақша  
алған.

Жекелеген мұғалімдер сабаққа дайын-  
далмайды, сабақтарды сапасыз, идеялық  
төмен дәрежеде өткізеді. Оқушылардың  
дәптерлері уақытылы тексеріліп тұрмай-  
ды. Класстан тыс оқу-тәрбие жұмыстарына  
аз көңіл бөлінеді. Оқу-тәрбие жұмысын-  
дағы үлкен кемшіліктің бірі—оқушылар-  
дың білімін дұрыс бағаламау, бағаны жо-  
ғарылатып қою. Кейбір мұғалімдер өз жұ-  
мысының нашарлығын бағаны көтеріңкі  
қою арқылы бүркемелегісі келеді. Оқушы-  
ның біліміне сай емес көтеріңкі баға қою  
оқушыны, оның туысқанын, мемлекетті  
алдау деген сөз. Совет мектебінде мұндай

## Кореядағы оқыйғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 23 январь. (СОТА). Корея  
Халық-Демократиялық Республикасы Халық  
армиясының Бас командованиесі бү-  
гін Корея Халық армиясының құрамалары  
қытай халық еріктілері бөлімдерімен бір-  
ге өткен күні бұрынғы алып тұрған шеп-  
терінде американдық ағылшын интервентері-  
не және дисыманшыл әскерлерге қарсы  
артиллериялық ұрыстар жүргізді деп ха-  
барлады. Майдандарда өзгеріс болған  
жоқ.

Кеше түнде американдық әуе қаракшылары  
ешқандай соғыс орындары жоқ Пхеньян  
қаласының бейбіт адамдары тұратын квар-  
галдарына және қаланың төңрегіндегі се-  
лелік аудандарға шабуыл жасады. Көп-  
теген адамдар қазаға ұшыраған.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімде-  
рі және жау самолетін атқыштар дұшпан-  
ның 3 самолетін атып түсірді.

### АНГЛИЯДА ҚЫМБАТШЫЛЫҚТЫҢ ӨСУІ

ЛОНДОН, 23 январь. (СОТА). «Дейли  
Уоркер» газетінің хабарына қарағанда,  
22 январь күні бұқара палатасында лей-  
борист Артур Льюис азық-түлік министр-  
іне сұрақ қойып, 1952 жылы товарлар-  
дың көптеген түрлерінің бағасының көтері-  
ліп кеткендігіне министрінің назарын ау-  
дарған және «табысы төмен адамдарға  
осы товарларды сатып алуға мүмкіншілік  
беру үшін» бағаларға бақылау тарапын-  
дауды ұсынған.

Льюис ұнның 53—56 процент, ет қон-  
сервтерінің 30 проценттен де артық, май-  
дың 33 процент, еттің 20 процент, сырдың  
86 процент, нанның 25 процент, бобаның  
45—50 процент, майдың 21 процент, сүттің  
19 процент және тағамдарға керекті өсім-  
дік майларының 12,5 процент қымбатта-  
ғандығын атап көрсеткен.



# Ленин ауданында мал қыстатуға басшылық нашар

Мал қыстату — мал шаруашылығын өркендетудегі аса жауапты кезең. Демек, әрбір фермада барлық малды қыстан шығынсыз, күйлі алып шығу — Сталиндік жана бесжылдық жоспарды мал шаруашылығы жөнінен толық және асыра орындаудың, мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыра берудің басты шарттарының бірі болып табылады.

Ленин ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары бұл жөнінде кезіңде өзінде бірқатар жұмыстар істеді. Мысалы, «Едбек» ауыл шаруашылық артелинің мал өсірушілері қоғамдық малдың қысқы қамын ерте бастан қолға алды. Мал қораларын жөндеу, жанадан салу жұмыстарын тығыздығы ұйымдастырды. Жемшөп қорын әзірлеу, оны мал базаларына тасу қызу жүргізілді. Колхоз мал қыстатуға ұйымшылдықпен кірісті. Бәзір фермаларда мал жақсы қыстатыуда. Мал кезінде азықтандырылады. Суаттар мен құдықтар жақсы жабықталған. Мал жылы, жарық қораларда күтіледі. Осының нәтижесінде мұнда барлық мал күйлі және шығынсыз өсіріліп келеді. Сол сияқты, «Советский», «Булақ» колхоздары да мал қыстатуға үлгілі әзірлікпен кірісіп, оны ойдағыдай өткізуде.

Бірақ, мал қыстату ісінің кезіргі жайы ауданның барлық колхоздарында бірдей емес. Бірсыпыра колхоздарда мал қыстатудың барысы мүлде қалағаттанғысыз. Бұған ең алдымен сол колхоздардың бұл маусымға әзірліксіз кірісуі басты себеп болып отыр.

Ауданның партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары және олар-

дың басшылары өткен жылдың кемшіліктерінен тиісті қорытынды шығарып, үстіміздегі жылы мал қыстату жұмысына тығыздықты әзірлеуге міндетті еді. Ама! Не, слай болмады. Өткендегі кемшіліктер быйыл да қайталануда. Ауданның колхоздары мен совхоздары жемшөп дайындау жоспарын едәуір кем орындады. Мал қораларын салу, жөндеу ісі нашар ұйымдастырылды. 5 мыңнан астам мал сыятын қоралардың құрылысы бітпей, төбесі жабылмай сол күйінде қалып қойды. Аудандағы 27 колхоздың 13 колхозында сабан мен мөкенді қосып өсіргеннің өзінде, жемшөп қоғамдық мал қыстату маусымының аяғына дейін жетпейді.

Осындай ауыр жағдай бола тұрса да, аудан колхоздарында малды азықтандырып, бағып жүтудің қатаң тәртібі орнатылмаған, шөпті үнемдеп жұмсау үшін күрес ұйымдастырылмаған. Мал азығының ысырабы өте көп. Аудан бойынша ноябрь, декабрь айларының өзінде ғана мыңдаған центнер шөп мөлшерден артық жұмсалған. Тіпті бір ғана «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында өзі аз дайындалған шөптің бір мың центнерінен астамы нормадан артық жұмсалып, ысырап болған.

«Орталық» колхозы (председателі Тайбулин жолдас) быйыл мал қыстатуға әзірліксіз кірісті. Жемшөп дайындау жоспарын жартылай ғана орындады. Мұның өзі колхоз басшыларына мал азығын ұқыпты жұмсауды міндеттейді. Ама! Не, мұны ойлап отырған олар жоқ. Малға шөп норма бойынша өлшеп берілмейді. Жемшөпті үнемдеп жұмсауға бақылау

қойылмаған. Малдың күтімі нашар. Мал ұзқтығымен азықтандырылып, суарылып отырмайды. Міне, соның салдарынан қыстың өткен айларында ғана малдың бірқатарының күйі төмендеп кеткен. Малдың шығыны да бар. Тасылған шөп бірнеше күнге ғана жетеді. Ал, осы аз тасылған шөптің өзі мұқият сақталмай отыр. Сондықтан да фермаларда жемшөптің едәуір бөлегі мал аяғының астында тапталып, ысырап болу, талап-таражға түсу фактілері орын алуда.

Малшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмыс ойдағыдай жүргізілмейді. Олармен әңгіме өткізу, газет, журналдар оқып беру ісімен ешкім шұғылданбайды. Фермаларда үгіт жұмысын жүргізуге бөлінген үгітшілердің тізімі ғана бар. Шынында олар екі ай бойына фермаларға барып, үгіт-бұқаралық жұмысын жүргізбеген. Мұнда малшылар арасындағы социалистік жарысты өрістетуге, оларға алда тұрған міндеттерді түсіндіру, олардың тәжірибелерін психаттау ісі мүлде ұмыт қалтырылған. Осының бәрін партия ұйымының секретары Мұңжанов жолдас жақсы біледі. Бірақ, ол бұған әлі бүгінге дейін төзумен келеді.

Аудандық партия комитетінің бюро мүшелері бұл колхозда жиі болады. Бірақ, олардың келіп-кетуінен тиер пайда шамалы. Өйткені, олар асығыс келіп, ат үстінен мәлімет алып кете барады. Колхоздары жағдаймен жете таныспайды. Аудандық партия комитеті колхоздың бастауып партия ұйымын нығайту, оның ролін арттыру жөнінде айтарлықтай жұмыс істемей отыр.

Міне, бұл — ауданның бір ғана колхозындағы мал қыстату барысына жасалған қысқана шолу. Ленин ауданының басқа колхоздарында да мал қыстату ісі үлкен олқылыққа ұшырауда. «Новый путь»,

Бірақ, ауылдық Совет атқомінің председа-

«Искра», Ленин атындағы колхоздарында да істің жайы дәл осы сияқты. Мал күтімі нашар. Қора жанына тасылған жемшөптің қоры аз. Кей күндері қорада малға берілетін шөп те болмай қалады. Колхоз басқармалары мал азығын тасу жұмыстарын әлі күнге дейін дұрыс ұйымдастыра алмай отыр. Воровский атындағы ауылшаруашылық артелинде қысқа әзірленген қоралардың жетіспеушілігінен, бұзаулар ашық қораларда тұр. Колхозда малды күтуге тәжірибелі адамдар бөлінбеген. Мал уақытылы суарылып, азықтандырылмайды. Фермаларда дайын шөптің мөлшері 5—8 күнге ғана жетерлік. Соның салдарынан 103 бұзау, 62 жұмыс малының күйі өте төмендеп кеткен, едәуір бұзау шығынға ұшыраған.

Аманкелді атындағы колхозда быйыл жемшөп қоры жетіспейді. Колхоз председателі Қуандықов жолдас жетіспеуші шөптің орнын толтыру үшін малға кей күндері екі уақыт ғана шөп бөргізеді. Мұның өзі бірқатар малдың күйінің төмендеп кетуіне, малдың ішінара шығын болуына әкеліп соғып отыр. Мұндай жағдай «Земледелец», тағы басқа колхоздарда да бар.

Ворошилов атындағы колхоздың председателі Нұрғалиев жолдас жемшөп дайындау кезінде ауданға жалған мәлімет берген. Төксерісте 2470 центнер шөптің жоспардағыдан кем дайындалғандығы анықталды. Сол сияқты, «Путь к социализму» колхозының председателі Потапов жолдас та дайындалмаған 500 центнер шөпті есепке алып, көзбояушылыққа салынды.

Бәзір мал қыстату жұмысында малға шөпті әзірлеп беру басты мәселе болып қойылып отыр. Бірақ, Ленин ауданында бұл жұмыс та ескерусіз қалып қойған.

Бөлінген колхозтың машиналар жоқ. Ауданда нивация күші пайда, МТС баулықты көмектегі механизация ніндегі өз міндетін отыр. Мұның өзі олардың бұл жемей, жауапсыздықтарын көрсетеді.

Міне, осында Ленин ауданын үлкен олқылықты аудандық ретары Қарымс ру комитетінің жолдастардың өркендету тындығынан, әлдендігінен болып мал қыстату ерғыдай басшылықты керек.лығына басшы өткізіп, қаулы тынады. Оларді, бақыламайды.

Қыс — мал ідегі ең жауаптының партия ұйымылығы орынсындағы орын терді жедел жұмысты өткізуге нұра міндетті. дықтың үшінші міндеттері, мін

ЛЕНИН АУДА

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табыс е